

**"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 1387 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*  
**ЖОБА**

**Қазақстан Республикасының  
Конституциялық Заңы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы туралы»  
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтыру  
енгізу туралы**

**1-бап.** «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 232-құжат; 2010 ж., № 11, 55-құжат)                      мынадай                      толықтыру                      енгізілсін:

1-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы өзінің мәртебесі бойынша айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан» ордені тапсырыла отырып, «Халық қаһарманы» (Народный герой) атағының иегері болады.».

**2-бап.** Осы Конституциялық заң қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті*